Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды уйымдастыру кафедрасы

# ОСӨЖ

## Тақырыбы: “Демография және халық аурышандылығы”

Орындаған: Малахан Б.Б.
Топ; 3-001 Ом
Тексерген:

Караганда 2016 г.

## Кіріспе

Осы Қазақстан Республикасының бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін құру тұжырымдамасы (бұдан әрі - тұжырымдама) Мемлекет Басшысьшың тапсырмаларына сәйкес әзірленді (2008 жылғы мамыр, қазан).

1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясымен бекітілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында 2004 жылы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама)

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің (ТМККК) медициналық қызметтерін орталықтандырылған мемлекеттік төлеушіні денсаулық сақтау жүйесіне кезең-кезеңмен енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1213 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында қарастырылған болатын

**Демографиялық жағдай**

Соңғы жылдары Қазақстанда халықтың туу көрсеткішінің 18,42-ден (2005 ж.) 22,75-ге дейін (2008 ж.) өсуі, өлім-жетім көрсеткішінің тұрақтағаны — 9,74 (2005 ж. -10,37), тұрғындардың табиғи өсу коэффициентінің 1000 адамға шаққанда 13,01-ге дейін (2005 ж. - 8,05) артқаны байқалып отыр. Демографиялық жағдайдың оң өзгеріспен алға жылжуына қарамастан, әйелдер мен балалар денсаулығының төмен деңгейі сақталып отыр. Ұрпақты болу денсаулығы мәселесі өзекті күйде қалып отыр, неке құрған 16%-ы бедеу болып табылады. Ана өлімінің негізгі себептері (2008 ж. тірі туған 100 мың нәрестеге шаққанда. - 31,2) акушершік қан кету, гестоздар. экстрагениталдық патология, жоғары көлемде түсік жасатудың салдары және аурушаңдық (жыныстық қатынас арқылы берілетін жұқпалар, қаназдық) болып қала береді. Бұл жағдай медициналық қызметтер саласының жеткіліксіздігінен және оның тиісті стандартталуының болмауынан де күшейе түсуде. Нәресте өлім-жетімі көрсеткішінің тірі туылған 1000 балаға шаққанда 15,15-ден (2005 ж.) 20,76-ға (2008 ж.) дейін өсу үрдісі орын алып отыр. 2008 жылы 67,11 жасты құраған. 2007 жыл бойынша бәсекеге қабілеттіліктік жахандық индексінің (БҚЖИ) мәліметтеріне қарағанда Қазақстан болжанып отырған өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштері бойынша (64 жас) 101 орынды алады.

Жалпы өлім-жітімнің ен көп үлес салмағын (50,3%) қан айналым жүйелерінің аурулары (ҚЖА) алады. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, 2008 жылы ҚЖА-дан қайтыс болғандар саны 76750 адамды құрады, оның ішінде еңбекке жарамды жастағылардың үлесі (16-62 жас) 25 % құрады.

## Халық саны

2011 жылдың басына облыстағы халықтың саны 2567,7 мың адамды құрап, 2010 жыл басымен салыстырғанда оңтүстік қазақстандықтардың саны 2,2% артса, 1991 жылғыдан - 35,9% артты.

Халық санының өсуі негізінен, бүгінгі таңға облыс халқының 60,8% (1559,9 мың адам) бөлігін құрап отырған, ауыл тұрғындары санының өсуі есебінен болып отыр. Облыс тұрғындарының 1007,8 мыңы (39,2%) -қалалықтар,

1991 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңде облыс бойынша туылғандардың жалпы саны 1131,6 мың адамды құрады, барлық туылғандардың 64,8% (732,7 мың адам) ауыл халқына жатады.

Туылғандардың жалпы коэффициенттері 1000 адамға шаққанда 2011 жылы 30,3 болып, 1991 жылдың деңгейіне теңесті. Әр 1000 қалалық тұрғынға 2010 жылы орта есеппен 29,1 туылғаннан келсе, 1000 ауыл тұрғынына 31,0 туылғаннан келді.

1991-2010 жылдары өлгендер саны 297,8 мы адамды құрады, 2010 жылы өлгендердің саны 15,5 мың адамды құрады. Қалалық елді мекендерде 6,5 мың (жалпы өлім санының 42,4%), ауылдық жерде - 8,9 мың өлім (57,6%) тіркелді

2010 жылы халықтың өлім коэффициент деңгейі әр 1000 адамға шаққанда 6,1 келіп 1991 жылмен салыстырғанда 0,9 өлгенге азайды.

Сәбилердің шетінеу деңгейі төмендеді. Мәселен, бір жасқа дейінгі өлген сәбилер өлімінің коэффициенті 1000 туылған балаға шаққанда 1991-2010 жылдар аралығында 30 8-ден 19,4-ға дейін кеміді.

1991-2010 жылдары ішінде жалпы облыс бойынша халықтың табиғи өсімі 833,8 мың адамды, соның ішінде қалалық мекендерде 258,9 мың адамды (31,1%), ауылдық жерде 574.9 мың адамды (68,9%) құрады.

1991 жылдан 2010 жылға дейін облыс бсйынша 332,0 мың неке тіркелді, оның 202,7 мыңы (61,1%) -ауылдық жерде некелескендер.

Облысты тұтас алғанда некелесудің жалпы коэффициенті халықтың 1000 адамына шаққанда 1991 жылғы - 10,5-тен 2009 жылы - 8,6-ға дейін кеміді.

1991-2010 жылдары 48,8 мың ажырасу тіркелді, оның 35,7 мыңы (73,2%) - қалалық елді мекенде тіркелді.

Ажырасудың жалпы коэффициенті халықтың әр 1000 адамына шаққанда 1991 жылғы 2,0-ден 2010 жылы - 1,2-ға дейін кеміді. 1991 жылы 1000 некелесуге 192 ажырасудан келсе, 2010 жылы ажырасу саны 139-ке дейін азайды.

2005-2010 жылдары облысқа келгендер саны 86,7 мың адамды құрады (облыс аумағындағы қоныс аударушыларды есепке алмағанда).Осы уақыт аралығында келгендердің ішінде 43,1 мың адам - Қазақстанның басқа облыстарынан, 43,1 мыңы - ынтымақтастық елдерден, 0,5 мың адам - қиыр шеттеп елдерден келгендер.

2005-2010 жылдары облыстан сыртқа кеткендердің саны 115,6 мың адамды құрады (облыс аумағындағы коныс аударушыларды есепке алмағанда). Кеткендердің ішінде 108,3 мың адам - Қазақстанның басқа облыстарынан, 6,8 мың адам - ынтымақтастық елдерге, 0.3 мың адам - қиыр шеттегі елдерге кеткендер.

# Халықтың саны




| | 1991 ж | 1995 ж | 2000 ж | 2005 ж | 2009 ж | 2010 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Шымкент | 400,5 | 414,4 | 482,9 | 526,1 | 615 | 629,1 |
| Мақтарал | 226,7 | 234,1 | 241,3 | 263,5 | 288,4 | 291,7 |
| Созақ | 45,4 | 46,6 | 47,7 | 51,2 | 52,8 | 54,3 |

# Туылғандар саны




| | 1991 ж | 1995 ж | 2000 ж | 2005 ж | 2009 ж | 2010 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Шымкент | 9571 | 8274 | 7250 | 12124 | 15892 | 16600 |
| Кентау | 2491 | 1745 | 1455 | 1694 | 2224 | 2313 |
| Мақтарал | 7713 | 7325 | 6542 | 7328 | 8437 | 9095 |
| Созақ | 1754 | 1474 | 1187 | 1425 | 1556 | 1775 |

# Өлгендер саны




| | 1991 ж | 1995 ж | 2000 ж | 2005 ж | 2009 ж | 2010 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Шымкент | 3674 | 4393 | 3838 | 4791 | 4061 | 4063 |
| Мақтарал | 1257 | 1545 | 1352 | 1571 | 1510 | 1616 |
| Шардара | 326 | 436 | 411 | 432 | 413 | 451 |

## Халық денсаулығының жағдайы

Халықтың денсаулығы мемлекеттің өз азаматтарының алдындағы жауапкершілігінің деңгейін көрсететін әлеуметтік бағдарының интегралды көрсеткіші болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметттері бойынша адам денсаулығының 50%-ы оның өмір сүру салтынан, созылмалы жұқпалы емес аурулардың (жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары, қант диабеті және т.б.) кеңінен таралуына, сондай-ақ адамның өмір сүру дағдысына байланысты.

Мінез-құлықтық қауіп-қатердің факторларының кең таралуы: темекі шегу (22,8%), дене салмағының шамадан тыс артуы (36,9%), ішімдікті шектен тыс пайдалану (18,1%) жоғары деңгейде қалып отыр.

Бұдан әрі «өркениет ауруларымен» сырқаттанушылықтың өсуі шамамен болжанып отыр (100 мың адамға шаққанда):

- қан айналым жүйелерінің аурулары 2007 ж. - 1906,6; 2011 ж. - 2274,9;
- онкологиялық ауру 2007 ж. - 496,9: 2011 ж. - 516,4;
- қант диабеті 2007 ж. - 129,2; 2011 ж. - 162,1






# Балалар өлімі (1 жастан 5 жасқа дейін)




| | 1991 ж | 1995 ж | 2000 ж | 2005 ж | 2009 ж | 2010 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Шымкент | 0 | 0 | 284 | 58 | 32 | 43 |
| Сайрам | 0 | 0 | 135 | 33 | 26 | 31 |
| Созақ | 0 | 0 | 37 | 7 | 12 | 12 |

Министрдің айтуынша, биыл қыркүйектің 1 -іне дейін республика бойынша 22 мектепті пайдалануға беру жоспарланған болатын. «Бірақ құрылыс саласындағы қымбатшылық пен құрылыс жұмыстарының баяу жүргізілуі салдарынан осы нысандар уақытында тапсырылмауы мүмкін. Қазіргі кезде аталған мектептердің 19-ның құрылысы бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігіне 5 млрд. 908 млн. теңге қажет. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша, ағымдағы жылы республикамызда 58 мектеп салу жоспарланып отыр. Олардың 22-сін қыркүйектің 1-іне дейін ашу көзделген. Ал 2007-2010 жылдар аралығында елімізде барлығы 259 жаңа мектеп бой көтермек.

2009 жылы республика бойынша 17 аурухананы пайдалануға берілді. Олардың 10-ын тек жергілікті бюджеттердің қатысуымен ғана аяқтауға болады. «Жалпы, «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында 2007-2009 жылдары республика бойынша 99 аурухананы салу жоспарланып отыр. 75 нысанды 2010-2012 жылдары ақтау көзделген. Оған 353,4 млрд. теңге қажет. Қазіргі кезде 12 нысанның сметалық құжаттары дайын емес. Сондықтан «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарлама аясындағы барлық шығындарды есептеу мүмкін болмай отыр»

«100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында жергілікті бюджеттерден 5 млрд. 6 млн. теңге көлеміндегі қосымша қаржы бөлу мәселесі республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізілетін болады

Осы уақытқа дейін бағдарлама аясында 48 мектеп қолданысқа тапсырылды. 100 мектеп, 100 аурухана бағдарламасы бойьшша 2007-2009 жылдары Қазақстанда 99 аурухана салу көзделген болатынды. Соның ішінде құрылыс жұмысы 2007 жылы 11 объектіде басталды. 2008 жылы 63 және 2010 жылы 25 обьект салу көзделіп отыр. Үкімет жетекшісі екі министрлік пен құрылыс агенттігіне, экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне облыс әкімдерімен бірге мәселенің мән-жайын анықтап, ақырғы есепті тамыздың 17- күні өтетін селекторлық кеңеске дайындауды тапсырды.

ҚР Үкіметінің жоспарына сәйкес 2010 жылы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша 45, ал 2011 жылы - 8, 2012 жылы 34 нысанның құрылыс аяқталады.

2009 жылы 87 мектептің құрылысы аяқталған болатын, оның 39-ы аталған бағдарлама бойынша салынса, 48 бағдарламадан тыс іске қосылып отыр. Жалпы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша 2007-2009 жылдар кезеңінде 85 білім ордасы пайдалануға берілді

Ал осы бағдаралама бойынша өткен жылы құрылысы аяқталған аурухана нысандарының саны 10-ға жетіп отыр.

Сонымен қатар 2007-2009 жылдаркезеңінде бағдарламадан тыс 201 нысан салынған. Оның ішінде Республикалық бюджет есебінен 37 аурухана, жергілікті бюджеттің қаржыландыруымен 6 аурухана бой көтеріп, инвесторлардың есебінен 1 қан орталығы пайдалуға берілді.

Сондай-ақ 97 фельдшерлік, акушерлік бекет пен 51 дәрігерлік емхана толық салынып бітті. 8- дәрігерлік емхананың 6-уы жергілікті бюджеттен ал екеуі инвесторлардың есебінен ірге көтерген.

102 “Емдеу ісі” Даулетова П.

Жетекшісі: Қожабеков Ғ.

Назарларыңызға рахмет!